

A.X.ЕРІМБЕТОВА

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕКТЕС ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ
СӘЙКЕСТИКТЕРИ**

В данной статье рассматривается историческая фонология звуков в тюркских языках.

Makalede Türk dillerindeki seslerin tarihi fonolojisi değerlendirilir.

Тіл эволюциялық дамуының барысында бірнеше заңдылықтарды дүниеге әкеледі. Солардың іштіндегі негізгі сөздік қорымыздың жүйесін құрайтын тілдік бірліктердің өн бойында табылып отыратын және тілдің тарихымен астасып жатқан заңдылықтардың бірі – дыбыс сәйкестіктері. Дыбыс сәйкестіктері тарихи заңдылық ретінде барлық халықтар тілінде орын ала отырып, әрбір этностың базистік лексикасының дамуына тікелей әсер етеді.

Айналадағы құбылыстар мен заттарды танып-білуде және оларды атауда тілдің сыртқы қабығы мен ішкі мазмұндық жағы қатар қызмет атқарады. Адамның танымының тереңдеуіне байланысты таныған нысанының да қырсыры ашылады. Ал бұл процесс өз кезеңінде сол нысанға тағылған тілдік бірліктің мазмұны мен тұрпатындағы өзгерістерді туғызады. Тілдік бірліктің тұрпаты дыбыстардың белгілі бір ретпен тіркесімділігі арқылы көрінеді. Дыбыстардың алмасуына экстролингвистикалық факторлар және сонымен бірге тілдің дамуын туғызатын ішкі факторлары әсер етеді. Дыбыстардың ішкі факторларлардың әсерінен алмасуы әр түрлі болады: грамматикалық алмасу және позициялық алмасулар, тарихи алмасу және фонетикалық алмасулар. Фонетикалық алмасу дыбыстар сәйкестігі арқылы көрінеді. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың вариантталып, тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысын дыбыстар сәйкестігі дейміз.

Тіл білімінде дыбыстың функционалдық қырларын, олардың тілдік жүйедегі маңыздылығын талдау барысында тарихи фонологияны дүниеге әкелді, әлемдік тіл білімінде бірнеше фонологиялық мектептер қалыптасты. Прага мектебінің өкілі Н.С.Трубецкой дыбыстың сөйлеу актісіндегі сипаты мен тіл жүйесіндегі болмысының бір-біріне үқсамайтынын, олардың әрқайсысын дербес қарастыру қажеттігін, дыбыс туралы қалыптасқан екі ғылым саласы өздерінің мақсат-мұддесі мен зерттеу нысанына орай әртүрлі әдістемені негізге алатынын көрсетеді. «Сөздегі (сөйлеудегі) дыбыс туралы ілім физикалық құбылыстармен тікелей байланысты, ол жаратылыстану ғылымдарының әдістемесін негізге алады, ал тілдегі дыбыс туралы ілім бұған қарма-қарсы, таза лингвистикалық әдіс-тәсілдер мен қағидаларға, кеңірек алсақ, қоғамдық гуманитарлық ғылымдардың тәжірибелеріне сүйенеді» [1, 94] деген ойлары арқылы екі ғылым саласының ара-жігін ажыратып берген

А.Х.Ерімбетова. Түркі тілдеріндегі текстес дауыссыз дыбыстардың...

галым, сөйлеу жүйесіндегі дыбыс туралы ілімді фонетика, тіл жүйесіндегі дыбыс туралы ілімді фонология деп атауды ұсынады. «Тарихи фонология әр дыбыстың өзгеру құбылыстарын бөлек-бөлек алмай, оларды басқа дыбыстармен байланыстыра отырыш, олардың бүкіл фонетикалық жүйесін бірге зерттеуді мақсат етті, оның зерттеу нәтижелері классикалық фонетикалық заңдылықтар мен құбылыстарға негізделді» [2,359]. Дыбыс сәйкестіктерінің жүзеге асуына негіз болатын дыбыстар болғандықтан, оған байланысты құбылыстардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты болады. Осыған байланысты академик Э.Қайдаров былай дейді: «Фонетическое факторы, как и другие закономерности языка, носят древний характер. Следовательно, и процессы семантической дифференциации, связанные с этими закономерностями, уходят корнями в далекое прошлое. Правы в этом отношении те исследователи, которые видят в семантических сдвигах, происходящих в силу фонетических изменений в слове, элементы историзма и реликтовых явлений. Однако это не дает основания для предположения о якобы полнокровном функционировании так называемого фонетического способа образования на более древних этапах исторического развития тюркских языков, предшествовавших периоду их аглютинаций» [3, 263-268]. Шыныңда да, дыбыс сәйкестіктері – сөз мағынасына әсер ететін тек қана сөзжасамның тәсілі ретінде қарастыруға болмайтын тілдік құбылыс. Дыбыс сәйкестіктері фонетика және морфология салалары жеке-дара түсіндіре алмайтын, таза сөзжасам тәсілі деп айтуда да келмейтін, фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар аралық әрі тіліміздің құрылымдық ерекшеліктерін, тарихи орынан анықтауда елеулі орын алатын құбылыс. Бұл құбылыс тілімізде бір буынды сөздерге қатысты тек жаңа сөз тудыру қабілеті бар дыбыс сәйкестіктері арқылы көрінсе, ал кей жағдайда сөздің тұлғалық өзгеріске түскенімен, мағыналық бірлікте қолданылуы, ал енді бірде мағыналық саралануына да ықпал ететін моносиллабтар және полисиллабтар құрамындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы көрініс табады. Соның ішінде біз зерттеу жұмысымызда – қазақ тіліндегі мағыналық өзгерістерді туғызбайтын, бірақ бір сөздің түрліше дыбысталуына негіз болатын дыбыс сәйкестіктерін қарастырамыз. Мысалы тілімізде *палуан*-*балуан*, *пал*-*бал*, *болат*-*полат*, *бәтір*-*шәтір*, *пұт*-*бұт* т.б. деген сияқты сөздер жергілікті ерекшеліктерге байланысты сөз басындағы дыбыстар әдеби тілдегі нормадан ауытқыш, екінші бір дыбысқа ауыстырылып қолданылады. Бұл сәйкестіктердің пайда болу себептерін анықтау үшін қазіргі түркі тілдерінің де фактілермен салыстыра қарастырамыз: Мысалы *тубіне бойламай кететін тұңғынық, шыңырау* [КТС., 9-т., 131-б., -560] мағынасында қолданылған *терен* сөзі түр. *derin*, әзерб. *dərin*, башқ. *täřän*, қырг. *tereq*, тат. *tıraq*, *teräj*-глубокий [ДТС 553-б] түрінде дыбысталса, *көңілдегі көрікті ой, орындалмақ иті арман, ұлы мақсат, мұдде* [КТС., 9-т., 409-б., -560.] мағынасында қолданылған *тілек*

сөзі түр. *dilek*, аз. *dilak*, башқ. *tiläk*, қырг. *tilek*, өзб. *tiläk*, тат. *tiläk*, түрікм. *dileğ*, үйг. *tiläk*, *tilak* – желание, пожелание [ДТС 560-6] больш дыбысталады. Сол сияқты *тамақты*, *шөпті шайнауга немесе тіспен үзүте бейімделген*, ауыз қуысындағы қатар *тізілген сүйек мүшес* [КТТС., 9-т., 424-б., -560] мағынасында қолданылған *tic* сөзі түр. *dis*, аз. *dis*, башқ. *tiş*, қырг. *tiş*, өзб. *tiş*, тат. *tiş*, түрікм. *dis*, үйг. *tiş*, *tiş*-зуб [ДТС 563-б] түрінде дыбыстық өзгерістермен дыбысталады. Келтірілген тілдік фактілер дыбыс сәйкестіктерінің сөз семантикасына өсер етпей сыртқы формалық жағын өзгеріп тұрғанын көрсетеді.

Түркі тілдерін зерттеу барысында дыбыс сәйкестіктері ерекше маңызға ие. Осыған байланысты академик Ф.Корш қазіргі түркі тілдерін генеалогиялық жағынан топтастыру барысында ашық дауыстылардан кейінгі ғ/ғ және у дыбыстарының алтернациясы (тау~тағ) мен сөз ортасында немесе сөз соңындағы ғ/ғ дыбыстарының қолданылуы, қолданылмауы заңдылығын басшылықта алады [4, 31]. Сонымен қатар белгілі түркітанушылар А.Н.Самойлович пен Н.А.Басқаков өздерінің класификацияларында белгілі бір дыбыстар сәйкестігін негізгі критерий етіп алады. Сондықтан тілдің даму барысында пайда болған белгілі бір дыбыстар сәйкестігі қазіргі қазақ және түркі тілдерінде өбден орнығыш заңдылықта айналған.

Тіліміздің фонологиялық жүйесін құрайтын фонема басқа фонемалармен морфема деңгейінде ғана емес, сонымен қатар фонологиялық деңгейде де үндеседі. Сондықтан дыбыстар сәйкестігінің пайда болуына өсер етуші факторлардың бірі ретінде фонемалардың позициялық-комбинаторлық ерекшеліктерін атауға болады. Бұл туралы Н.А.Басқаков түбірге аффикстердің жалғануы кезінде дауыссыздар тоғысын ассимилятивті және диссимиллятивті процестер жүретіндігін айтады [5, 104]. Бір буынды сөздерден көп буынды сөздердің қарқынды жасалуы да дыбыстардың сәйкесүіне од өсерін тигізеді. Зерттеуші О.Прицак диссимиллятивті өзгерістердің нәтижесінде өлсіз дауыссыздар күшетіндігін мынандай фактілермен дәлелдейді: *ид>ит, լդ>լտ, րդ>րց: барді'он пошел>барті, бәрдім 'я дал>бәртім* [6, 105-б]. Әрине, бұл шікір өлі де терендей зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, сәйкесетін дыбыстар генетикалық жағынан бір-біріне жақын, туыс больш келетін анық. Бұл туралы проф. Б.Сагындықұлының еңбегінде дыбыстардың өзгеруге табиғи бейімділігі, позициялық жағдай, дыбыстар қоршауы, дыбыстардың артикуляциялық орнын өзгертуі, екшін, үнемдеу құбылысы, үндесу, тілдердің бір-бірінен ажырасуы немесе тоғысуы, тағы осы сияқты толыш жатқан ішкі және сыртқы факторлар фонетикалық өзгешеліктерді, сонымен қатар дыбыстар сәйкестігін де айқындаушы тегершіктер больш табылатындығын айтады [7, 25].

Қазақ тілінің дамуындағы тарихи ерекшеліктерді танытатын дыбыстар сәйкестігі сөз семантикасының мағыналық дәлдіктерін толық сақтай отырып, туыстас тілдер арасында болатын тарихи өзгерістермен үласады.

А.Х.Ерімбетова. Түркі тілдеріндегі текстес дауыссыз дыбыстардың...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Трубецкой Н.С. Основы фонологии // Введение в языкоковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. -С. 92-148.
2. Базарбаева З. Әлемдік тіл біліміндегі фонема теориясының дамуы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. –Түркістан: Тұран, 2004. - 359-367 бб.
3. Кайдаров А. Фонетические факторы, приводящие к семантической дифференциации слов в тюркских языках // Туркские языкоизнание. Материалы III Всесоюзной тюркологической конференции. Ташкент, 1985, 263-268.
4. Корш Ф.Е. Классификация турецких языков // Этнографическое обозрение, № 6, СПб., 1910.
5. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. М., 1979, - 114с.
6. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., Наука, 1970, -240с.
7. Сагындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994, - 168

REZUME

A.H.ERIMBETOVA (Almaty)
COMPLIANCE WITH SIMILAR VOWEL SOUNDS IN TURKIC LANGUAGES

This article discusses the historical phonology of sounds in the Turkic languages.